

«ForteBank» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің шешімін
(2023 жылғы 15 мамырдағы №14 хаттама (з)
БЕКІТІЛДІ.

2023 жылғы 23 мамырдан
қолданысқа енгізілді

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
№01-0110-ВДВП/1709

ӘЗІРЛЕГЕН:

Комплаенс-бақылау қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫНЫҢ ҮЗІНДІСІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттары мен үздік тәжірибелеріне және «ForteBank» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) және оның еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарына сәйкес, Банктің қызметкерлері арасында тиімді жұмыс істеуге және сенімді әріптестің имиджін қолдауға бағытталған құқықтық мәдениет қалыптастыру мақсатында әзірленді.

1-бап. Жалпы ережелер

1. Саясат Банк қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мақсат-міндеттерін, қағидаттары мен бағыттарын айқындайды.
2. Саясаттың мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқық бұзу фактілерін анықтау жөніндегі қызметті бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Банкте сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру.
3. Саясаттың міндеті - өз еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару барысында адалдық, ашықтық және риясыздық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін Банк қызметкерлерінің корпоративтік және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Банк сыбайлас жемқорлықтың кез-келген фактіне қатысты «мүлдем төзбеушілік» қағидатын ұстанады, қызметкерлерді оқыту арқылы қоғамда және Банк қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға көмектеседі. Қызметкерлер, клиенттер, оның ішінде әлеуетті клиенттер (бұдан әрі – клиенттер) және Банктің контрагенттері үшін Саясатты сақтау міндетті талап болып табылады.
5. Банк қолданыстағы заңнаманың және Банктің ішкі құжаттарының талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және Банк және Банк қызметкерлерін, клиенттерін және контрагенттерін қызметкерлердің жұмыстарындағы кемшіліктер мен бұзушылықтар туралы хабарлауға шақырады, бұл шара қате-кемшіліктерді уақытылы жою және Банк қызметін ұдайы жетілдіру үшін өте қажет.
6. Банк сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғай отырып, заң мен сот алдында барлық тараптың теңдігі қағидатын қамтамасыз етеді.
7. Банк мемлекеттік органдар тарапынан да, Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан да құқыққа қайшы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу үшін бар күш-жігерін салады.
8. Саясат:
 - 1) Банктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша негізгі ережелерді;
 - 2) Құқық бұзушы сыбайлас жемқорлық жағдайларының алдын алу, оларға қарсы іс-әрекет жасау, сондай-ақ олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды;
 - 3) Банк қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды белгілейді.
9. Банк, Банктің және Банктің еншілес ұйымдары қызметкерлерінің Саясатты сақтауын бақылау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.
10. Саясатта және оның мақсаттары үшін келесі негізгі ұғымдар қолданылады:
 - 1) **қолданылатын заңнама** – Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банк заңнамасы, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы, сондай-ақ Банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасы;
 - 2) **уәкілетті органдар** - осы Саясат контекстінде: Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
 - 3) **шектеулі мәтін**;
 - 4) **сыбайлас жемқорлық** – Банк қызметкерінің өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы;
 - 5) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – сыбайлас жемқорлық белгілері бұзушылы;
 - 6) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Банктің уәкілетті алқалы органдарының, Банк қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі өз өкілеттіктерінің шегінде, оның ішінде Банкте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;
 - 7) **жақын туыстары** – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;
 - 8) **қатынасы** - ерлі-зайыптылардың біреуінің жұбайының жақын туыстарына қатынасы;

9) **Комплаенс-бақылау қызметі** – Банктің және оның қызметкерлерінің қолданыстағы заңнаманы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауы бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметтерін үйлестіруді жүзеге асыратын Банктің құрылымдық бөлімшесі;

10) **контрагент** - Банк қолданыстағы заңнамамен реттелетін қатынастар орнатқан немесе орнатуды жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға.

Ескертпе: Саясат мәтіні бойынша қолданылатын өзге де терминдер мен қысқартулар Банктің басқа ішкі құжаттарында бекітілген мәнге сәйкес болады, ал Банктің басқа ішкі құжаттарында болмаған жағдайда, қолданыстағы заңнамада бекітілген мәнге сәйкес пайдаланылады.

11. Саясат - жария құжат және Банктің www.forte.kz ресми сайтында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады. Саясат Банктің қызметкерлерін, клиенттері мен контрагенттерін жұмыстың тиімді нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған құжаттың ережелерімен таныстыруға арналған.

2-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түрлері

12. Саясат сыбайлас жемқорлық ретінде келесі әрекеттерді анықтайды:

1) пара беру/заңсыз сыйақы беру, парақорлыққа делдалдық ету;

1-1) заңсыз сыйақы алуға, заңсыз сыйақы алуға делдалдық ету;

1-2) бопсалау (заңсыз сыйақы талап ету);

1-3) заңсыз сыйақы алуға арандату;

2) коммерциялық пара беру;

3) коммерциялық пара беруге немесе парақорлыққа арандату;

4) Банк қызметкері пайда алу мақсатында және өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған қылмыстық жолмен алынған ақшаны және/немесе өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату);

5) Банк қызметкерлерінің өздері не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды, оның ішінде банктің өнімдері мен қызметтерін жеңілдікті талаптарда алу немесе пайда көру мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдалануы.

3-бап. Сыйақылар (сыйлықтар) беру

13. Сыйлықтар мен өкілдік шығыстар сыбайлас жемқорлықтың тәуекелі жоғары аймағы болып табылады.

14. *шектеулі мәтін.*

15. Банк пен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне олардың қызметінде мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы мүмкін сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады, оның ішінде отбасы мүшелерін, жақын туыстары мен жекжаттарын тарту жолымен;

16. *шектеулі мәтін.*

17. Уәкілетті органдардың қызметкерлеріне сыйлықтар мен материалдық құндылықтар беруге болмайды.

18. Келесі сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін беруге және алуға тыйым салынады:

1) қолма-қол ақшаны немесе оның баламасын (мысалы, сыйлық сертификаттарын, чектерді, қарыздарды, бағалы қағаздарды);

2) осы баптың 15-тармағына сәйкес, қызметкердің кәсіби әдеп қағидаттарына немесе Банктің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін сыйлықтарды;

3) жол шығыстарын, өкілдік шығыстарды немесе ойын-сауыққа арналған шығыстарды (авиабилеттердің, тамақтанудың немесе тұруға арналған шоттардың құнын) төлеуге немесе өтеуге тыйым салынады.

19. *шектеулі мәтін.*

20. *шектеулі мәтін.*

4-бап. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау

21. Банктің әрбір қызметкері, клиенті және контрагенті Саясатта көрсетілген байланыс арналары арқылы кеңес алу үшін COMPLIANCE-бақылау қызметіне жүгінуге, Банк қызметкерлерінің жосықсыз мінез-құлқына аландаушылық білдіруге және ол туралы хабарлауға құқылы.

22. *шектеулі мәтін.*

23. *шектеулі мәтін.*

24. Банк барлық қызметкерін, Банктің клиенттерін және контрагенттерін оларды қолданыстағы заңнаманы және Банктің ішкі құжаттарының талаптарын бұзуы мүмкін әрекеттерге итермелеген фактілер туралы Саясатта көрсетілген байланыс арналары арқылы хабарлауға міндетті.

25. Банк қызметкерлерінің қызметтерінде орын алған бұзушылықтар немесе оларға келтірілген күдіктер туралы хабарлаған Банк қызметкерлеріне, клиенттеріне және контрагенттеріне Банктің өзге қызметкерлері тарапынан, соның ішінде оларға қатысты хабарлама келіп түскендер тарапынан болуы ықтимал қудалаудан немесе кемсітудің кез келген түрінен қорғауға кепілдік беріледі.

шектеулі мәтін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (№ 01-0110-ВДВП/1709)	Редакция 01	4 / 6 бет
--	-------------	-----------

26. Бұзушылық немесе кемшілік туралы хабарлаған Банктің қызметкері, клиенті, контрагенті, сондай-ақ өзіне қатысты осындай ақпарат келіп түскен Банк қызметкері туралы ақпарат құпия болады. Осындай ақпарат өздеріне мәлім болған Банк қызметкерлерінің, мұндай хабарламаларды қарауға құзыреті жоқ Банк қызметкерлеріне оларды жария етуіне құқығы жоқ.

27. *шектеулі мәтін.*

28. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық анықталған жағдайда Банк қызметкері ондай бұзушылық туралы ақпаратты өз құрылымдық бөлімшесінің басшысына хабарлауға міндетті. Ол тұлғаға хабарлау нәтижесін болуы немесе оның қатысты болуы немесе басқа да себептер ескеріле отырып, мәселе қаралмай қалуы мүмкін деген күдік болған жағдайда, Банк қызметкері ол туралы келесі тәсілдердің бірімен хабарлауға міндетті:

1) reporting@fortebank.com адресіне хабарлама жіберу, бұл мейілге Банк қызметкерлері мүдделі құрылымдық бөлімшелерге Саясаттың талаптарының бұзылу фактілері туралы хабарлай алады. Көрсетілген электрондық мекенжайға келіп түскен хабарламалар күнделікті тексеріледі;

2) *шектеулі мәтін.*

Аталған арналар кемшіліктермен және Саясаттың, Банктің басқа ішкі құжаттарының және қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұзушылықтармен байланысты сұрақтарды және хабарламаларды жіберуге ғана арналған.

шектеулі мәтін.

Бұзушылықтар немесе кемшіліктер туралы ақпаратта Банктің кінәлі қызметкері туралы жеткілікті мәліметтер мен фактілер, кемшіліктерді немесе бұзушылықтарды сипаттайтын өзге де ақпараттар, өтініш берушінің байланыс деректерін қамтуы тиіс.

29. Банк анонимді өтініштерді қарамайды және елеулі бұзушылықтар немесе оларға күдік келтірілген, тәуекелі жоғары немесе беделге нұқсат келтіретін фактілерді қамтитын хабарламаларды қоспағанда, осы баптың 25-тармағында көрсетілген Банк кепілдіктерін ескере отырып, ашық жұмыс істеуге шақырады.

5-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

30. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- 3) *шектеулі мәтін;*
- 4) мүдделер қақтығысын анықтауды және шешуді;
- 5) Банктің уәкілетті алқалы органдарының шешім қабылдау процедураларының есептілігін, бақылануын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеуді;
- 6) адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауды;
- 7) Іскерлік әдеп нормаларын қабылдауды және сақтауды;
- 8) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық мәселелері бойынша уәкілетті органдармен және өзге де мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды;
- 9) *шектеулі мәтін;*
- 10) *шектеулі мәтін.*

6-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

31. Банктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – Банктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау бойынша үздіксіз процесс болып табылады.

32. *шектеулі мәтін.*

33. *шектеулі мәтін.*

34. *шектеулі мәтін.*

7-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

35. Банк қызметкерлерінің өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, Банк қызметкерлері келесі белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өздеріне:

1) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

2) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер Банк қызметкерінің қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе Банк қызметкерлері лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды. Банк қызметкерлерінің сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде Банктің атына тарту етілген символдық тартуларды және символдық кәдесыйларды қабылдауына жол беріледі.

36. Банк қызметкерлерінің отбасы мүшелері материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, құқылы емес.

Банк қызметкерінің отбасы мүшелері деп оның жұбайы (зайыбы), ата-аналары, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және онымен тұрақты тұратын адамдар түсініледі.

Банк қызметкері және (немесе) олардың отбасы мүшелері хабардар етілмей, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын бұза отырып, олардың шотына келіп түскен ақша туралы Банк қызметкері өзінің құрылымдық бөлімшесінің басшысына/құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Банктің лауазымды тұлғаларына/Директорлар кеңесіне хабарлауға тиіс.

37. Банк қызметкерлері өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ оның тікелей бағынысында жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары лауазымдарды атқара алмайды.

8-бап. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

38. Банкте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары Банктің ішкі құжаттарына сәйкес және келесі негізгі іс-шараларды жүйелі қолдану жолымен жүзеге асырылады:

- 1) мүдделер қақтығысын анықтау мақсатында контрагенттерге тиісті тексеруді жүзеге асыру;
- 2) Банктің аффилиирленген тұлғаларын және ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларын (Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың мүддесінде әрекет ететін тұлғаларды) есепке алу;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;
- 4) Банктің қызметкерлері, клиенттері мен контрагенттері Банктің, оның еншілес ұйымының кез-келген қызметкері, Банктің контрагентінің қызметкері және/немесе өкілі жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы өздерінің күдіктерін хабарлай алатын немесе басқа адамдардан алынған мәліметтерді бере алатын кері байланыс тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

9-бап. Қорытынды ережелер

39. Банктің қызметкерлері, клиенттері және контрагенттері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қолданыстағы заңнама бойынша жауап береді. Банк қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан, Саясаттың қағидаттары мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ өздерінің қарамағындағы адамдардың осы қағидаттар мен талаптарды бұзған әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дербес жауапты болады.

40. Реттеу тәртібі Саясатта айқындалмаған мәселелер қолданыстағы заңнаманың және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.

41. *шектеулі мәтін.*

42. Директорлар кеңесі Саясатты бекітеді және оның орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

43. Банк Басқармасы Банк қызметкерлерінің Саясаттың ережелерін сақтауына жауап береді.

44. *шектеулі мәтін.*

45. Банк осы Саясатты сыртқы сайтта ашық орналастырады, Банктің барлық қызметкерінің, клиентінің және контрагентінің Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауын құптайды.

46. Контрагент тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелінің белгілері немесе бұзушылықтары бар екендігіне негіз болатын жағдай анықталған жағдайда, Банк ол тұлғаны сенімсіз әріптестер тізіміне қосуға құқылы.

47. алынып тасталды.

48. Банктің клиенттері мен контрагенттері Саясатта көзделген байланыс арналары арқылы хабарлама жіберіп, Саясатты бұзу факті туралы хабардар етуге құқылы.

49. *шектеулі мәтін.*

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (№ 01-0110-ВДВП/1709)	Редакция 01	6 / 6 бет
--	-------------	-----------